



UNESCO Chair in Education  
science and Teacher Training  
Abai Kazakh National Pedagogical University



**24.01.2023 жылғы**

**Халықаралық білім беру  
күніне орайластырылған  
«Тұрақты даму мүддесінде  
жоғары білім беруді  
трансформациялау»  
атты халықаралық вебинар**

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамы жанындағы ЮНЕСКО-ның  
педагогика және мұғалімдердің  
оқыту бойынша кафедрасы**

**Алматы, 2023**

## Тұжырымдама

2022 жылғы қыркүйекте Нью-Йорк қаласында болған Білім беруді трансформациялау жөніндегі саммит келесі жаһандық бастамаларды қабылдаумен аяқталды: «жасыл» және цифрлық технологияларға көшу, гендерлік тепе-теңдікті ілгерілету, базалық оқыту, дағдарыс жағдайында білім беру, сонымен қатар білім беруді әділ және тиімді қаржыландыру.

**Вебинардың мақсаты** – Білім беруді трансформациялау жөніндегі саммиттің бастамаларын, цифрлық білім беру міндеттерін сәтті жүзеге асыруға көмектесетін әдістерді, ресурстар мен шешімдерді талқылау.

Көп жағдайда білім беру сапасы оқыту кезіндегі коммуникацияның сапасына байланысты болады. Мұны COVID-19 пандемиясының салдарынан байқай аламыз, індет кезінде барлық елдер адамдар арасындағы байланысты шектеп, оларды виртуалдық кеңістікке көшірді. Цифрлық ресурстар мен оларды қолдану дағдыларының дұрыс жетілмеуі ең алдымен білім алушылар арасындағы сапалы коммуникацияны ұйымдастыра алмауға әсер етті. Осыған орай цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктеріне қызығушылық арта түсті, себебі олар білім берудің қолжетімділігін, үздіксіздігін, инклюзивтілігін қамтамасыз етіп, оқу сапасын тиімді қадағалау мен бағалауға септігін тигізеді.

Болашақ және жас педагогтар – ол білім беру жүйесін трансформациялайтын көшбасшылар. Жастардың басым бөлігі цифрлық білім беру мүмкіндіктері туралы жақсы біледі, олар медиялық және Интернет-ресурстардың сенімді пайдаланушылары болып табылады. Жас педагогтардың сәтті жұмыс істеуі үшін түрлі ұрпақ мұғалімдерінің байланысы мен сабақтастығы қажет. Вебинарда мұндай ынтымақтастықты тәлімгерлік және басқа да өзара әрекеттесу түрлері арқылы дамыту мәселелерін қарастыру жоспарланып отыр.

Заманауи білім берудегі келесі тренд – ол білім берудің барынша практикалық бағытталған болуы, яғни қауіпсіз, «экологиялық таза» білім беру ортасында өмір, жұмыс және тұрақты даму үшін қажетті дағдылар қалыптастырылады.

Әрине, Білім беруді трансформациялау жөніндегі саммиттің бастамаларын іске асыру ғылым, білім, аналитика, бизнес және т.б. сияқты түрлі саладағы басшылар мен сарапшылардың күш біріктіруін талап етеді.

Білім беруді трансформациялау жөніндегі саммиттің бастамаларын талқылау барысында инклюзивті, әділ жоғары білім беру; сыни ойлау және талқылау дағдыларының өмір, жұмыс және тұрақты дамудағы рөлі; «жасыл» және цифрлық технологиялар; білім беруді қаржыландыру бағыттары бойынша ынтымақтастық мәселелері қарастырылатын болады.

## Бағдарлама:

24.01.2024 ж.

Басталуы: сағ. 11.00 (Астана уақыты)

Баяндамалармен сөз сөйлеу уақыты: 7 минуттан артық емес (+5 минут пікірталас)

Тілдері: қазақ, орыс

<b>Модератор</b>	
<b>Ильдана Ильдархановна ХАЛИТОВА</b>	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ жанындағы Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі
<b>Кіріспе. Құттықтау сөздер</b>	
<b>Дархан Нұрланұлы БІЛӘЛОВ</b>	«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ ректоры
<b>Әлия Ғазизқызы БАЙСАБАЕВА</b>	Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының бас хатшысы
<b>Магнус МАГНУССОН</b>	Алматы қ. ЮНЕСКО Кластерлік бюросы директорының м.а.
<b>Меруерт Қуатқызы ӘБУСЕЙІТОВА</b>	Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, «Ғылым және руханият» атты ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі
<b>Спикерлер және талқылауға қатысушылар</b>	
<b>Алибек Тимитаевич ТАЖИБАЕВ</b>	«Еуразиялық мониторинг» аналитикалық зерттеулер орталығының директоры
<b>Барбара ЯНУШ-ПАВЛЕТТА</b>	Қазақ-Неміс университетінің халықаралық ынтымақтастық пен тұрақты даму жөніндегі вице-президенті, Орталық Азиядағы су ресурстарын басқару жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі
<b>Тұрсынкүл Аманкелдиевна БАЗАРБАЕВА</b>	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі
<b>Назгүл Тұрсынбайқызы ШЫҢҒЫСОВА</b>	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Журналистика және коммуникация жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі
<b>Татьяна Анатольевна МУРОВАНА</b>	Бағдарламалық маман, Білім берудегі ақпараттық технологиялар жөніндегі ЮНЕСКО институты
<b>Баглан Омарсеитовна КУЛУМБАЕВА</b>	Абай атындағы ҚазҰПУ даму стратегиясын қолдау бөлімінің бастығы

<b>Светлана Корнеевна ШАПКИНА</b>	Қалалық білім берудегі жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері
<b>Джемма Болатовна АМАНЖОЛОВА</b>	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орыс филологиясы кафедрасының доценті
<b>Назгуль Капаровна СЕГИЗБАЕВА</b>	И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті жанындағы Бастауыш сыныптарда қырғыз, орыс тілдерін оқыту технологиясы кафедрасының доцентінің м.а.